

Шет ауданының мәслихаты

Қарағанды облысы Шет аудандық  
мәслихатының 2019 жылғы 3  
қыркүйектегі № 32/284 шешімі.  
Қарағанды облысының Әділет  
департаментінде 2019 жылғы 13  
қыркүйекте № 5471 болып тіркелді

Мәслихат Шетского района

**Шет аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы №20/166  
«Шет ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін  
мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік  
көмек көрсету туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ** ЕТТІ:

1. Шет аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы №20/166 «Шет ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4684 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 сәуірдегі №16 (10688) «Шет Шұғыласы» газетінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылдың 19 сәуірінде электрондық түрде жарияланған), келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Шет ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының мамандарына аудандық бюджет



қаражаты есебінен отын сатып алу үшін 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы**

**Г.А.Мукушев**

**Аудандық мәслихаттың хатшысы**

**Б.Төлеуқұлов**